

**2014 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы**

Атырау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 8 тамыздағы № 234 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 тамызда № 2975 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 27 – бабы 1 – тармағының 5) тармақшасына, 37 – бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидасының 7 – тармағына сәйкес Атырау облысының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. 2014 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары белгіленсін.

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғ.И. Дүйсембаева жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Ізмұхамбетов*

**" К Е Л І С І Л Д І "**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і  
\_\_\_\_\_ А . М а м ы т б е к о в

2014 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 8 т а м ы з д а ғ ы

№ 234 қаулысына қосымша

**2014 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары**

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлік құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке субсидиялардың нормалары, теңге
1	Аммиак селитрасы (N- 34,4 %)	тонна	50	28900
2	Аммофос (N- 10 %; P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> – 46 %)	тонна	50	45000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК